

Ақтөбе облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпанды ғы № 57 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 наурызда № 4241 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 13 бабы 1-1 тармағының 6-2) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау тәртібі мен шарттары бекітілсін.
2. "Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Г.Н.Есқалиевке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	A.Мұхамбетов
	Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпанды ғы № 57 қаулысымен бекітілген

Ақтөбе облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау тәртібі мен шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Ақтөбе облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау тәртібі мен шарттары "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Сыйыптау тәртібі мен шарттары

2. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар (бұдан әрі - жергілікті маңызы бар) автомобиль жолдарын сыйыптау жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруашылық автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін сыйыптау жолдың көрсетілген түрлеріне талаптарды ескере отырып, ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде жергілікті атқарушы орган мемлекеттік уәкілетті органға жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне автомобиль жолын енгізуі дінделінгенде материалдар жіберуге міндетті.

Жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдағанын растайтын құжаттарды, автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы тиіс.

Автомобиль жолын жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда мемлекеттік уәкілетті орган барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтарады.

3. Автомобиль жолдарының атаулары және индекстері

4. Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары және индекстері болуы тиіс. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының атауына елді мекендердің бастапқы және соңғы, қажет болғанда аралық мекендердің атаулары кіреді.

Автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Автомобиль жолдарының индексіндегі сандар индекс әріптерінен кейін дефис арқылы беріледі.

5. Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы индексінің бірінші әрпі "К"-мен белгіленеді.

Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексіндегі келесі әріптері жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне тиесілігі

бойынша, кестеге сәйкес белгіленеді: бұл жағдайда Ақтөбе облысы "D" әрпімен белгіленеді.

"KD" әрпінен кейін индекстің келесі әрпін меншіктеу кестесі

p/c №	Ақтөбе облысы аудандарының атаулары	Индекстегі әріптің атауы
1	Алға	AL
2	Әйтекеби	AT
3	Байғанин	BA
4	Ыргыз	IR
5	Қарғала	KA
6	Қобда	KO
7	Мәртөк	MA
8	Мұғалжар	MU
9	Темір	TE
10	Ойыл	UL
11	Хромтау	HR
12	Шалқар	SH

Автомобиль жолы екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктер арқылы өткен жағдайда жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге тиесілігі бойынша индекстің бірінші әрпінен кейін әріптер әліпбилік тәртіппен меншіктеледі.